

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 18 қарашадағы N 498-ІІ Заңы

Алматыда 2002 жылғы 26 маусымда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грек Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы автомобиль қатынасы саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа және олардың аумақтары арқылы транзиттік қатынасқа жәрдемдесуге тілек білдіре отырып,
автомобиль қатынасы саласындағы ырықтандыру қағидаттарын және өзара тиімділікті негізге ала отырып,
төмендегі туралы келісті:

1-бап

Қолдану саласы

О с ы К е л і с і м н і ң е р е ж е л е р і :

1. Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы жолаушылар мен жүктердің автомобиль тасымалына, олардың аумақтары арқылы транзиттік қатынасқа, сондай-ақ үшінші мемлекеттен/мемлекетке тасымалдауға қолданылады.

2. Осы Баптың 1-тармағында аталған тасымалдарға байланысты автокөлік құралының бос жол жүруіне қолданылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Тасымалдаушы" термині Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес автомобиль жолдары бойынша жолаушылармен жүктердің тасымалын жүзеге асыруға құқығы бар жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Автокөлік құралы" термині:

а) жүктерді тасымалдау кезінде: кез келген механикалық жетекті автокөлік құралын немесе Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, тек жүктерді тасымалдауға арналған және жабдықталған көлік құралдарының құрамдастарымын;

б) жолаушыларды тасымалдау кезінде: өзінің конструкциясы мен жарақталуы бойынша жолаушылар тасымалдауға жарамды, жүргізушіні қоса алғанда, отыратын орын саны тоғыздан астам, Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген кез келген механикалық жетекті автокөлік құралын білдіреді.

3. "Транзит" термині Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген, екінші Тарап мемлекетінің аумағын кесіп өтетін автокөлік құралымен жолаушыларды және/немесе жүктерді тасымалдауды білдіреді.

4. "Үшінші мемлекеттен/мемлекетке тасымалдау" термині бір Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралымен жүктерді бірі екінші Тарап мемлекетінің аумағында, ал екіншісі үшінші мемлекеттің аумағында орналасқан пункттердің арасында тасымалдауды білдіреді.

5. "Өз есебінен тасымалдау" термині:

- тасымалдаушының меншігі болып табылатын немесе ол ұзақ мерзімдік келісімшарттың негізінде жалға алған немесе лизингке алынған және бірлестікке мүше кәсіпорынның қызметкерлері басқаратын автокөлік құралдары пайдаланылатын тасымалдарды;

- кәсіпорынның немесе бірлестіктің қызметінің барлық басқа түрлері бар контексте қызметтің қосымша түрі ғана болып табылатын тасымалдарды;

- не кәсіпорынның немесе бірлестіктің меншігі болып табылатын тауарларды немесе кәсіпорын сатқан, сатып алған, жалға тапсырған немесе алған, өндірген, тапқан, қайта өңдеген немесе жөндеген, бұл орайда тасымалдардың мақсаты тауарларды кәсіпорынға немесе кәсіпорыннан немесе өздерінің жеке мұқтаждары үшін тасымалдау болып табылатын;

- не олар үшін тасымалдар олардың әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің бөлігі болып табылатын, коммерциялық емес қызметпен айналысатын кәсіпорынның қызметкерлерін немесе бірлестіктің мүшелерін тасымалдауды білдіреді.

6. "Тұрақты тасымалдар" термині белгілі бір кестеге сәйкес және жол бойы белгіленген аялдама пункттерінде жолаушылар отыратын және түсе алатын белгілі бір бағыт бойынша жолаушыларды автобустармен тасымалдауды білдіреді. Тұрақты тасымалдар белгіленген қозғалыс кестелеріне және тарифтерге сәйкес жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

7. "Маятниктік тасымалдар" термині тікелей және кері бағыттарда, тиісінше екі мемлекеттің аумағында орналасқан бір ғана жөнелту пунктiнен бір ғана жеткізу пунктiне алдын ала құрылған жолаушылар топтарының көп мәрте жүзеге асырылатын тасымалдарын білдіреді. Тура бағытта тасымалдау кезінде жолаушылардың әр тобы соңғы сапар барысында жөнелту пунктiне кері қайтады:

а) Маятниктік тасымалдарды орындау кезінде бүкіл сапар бойы жолаушыларды отырғызуға және түсіруге тыйым салынады;

б) Маятниктік тасымалдардың сериясын орындау кезінде "кері" бірінші сапар және "ол жаққа" соңғы сапар бос күйде жасалады;

с) Тұрақты және маятниктік тасымалдармен олардың орындалуы үшін шарттар құзыретті органдардың арасындағы өзара келісімге сәйкес тікелей немесе осы Келісімнің 14-бабына сәйкес құрылған Бірлескен Комиссияның қабылдаған шешімдерінің негізінде орындалады.

8. "Тұрақты емес тасымалдар" термині мыналарды білдіреді:

а) жабық есік сипатындағы сапарлар, яғни олардың кезінде жолаушылардың бір ғана тобын тасымалдау үшін барлық сапар уақытында, автокөлік құралы тіркелген мемлекеттің аумағында басталатын және аяқталатын тасымал үшін бір ғана автокөлік құралын пайдаланды;

б) Көлік құралы жолаушылармен кетіп, бос қайтатын тасымалды;

в) Сапар жолаушыларсыз басталып, ал кері бағытта осы автокөлік құралы тіркелмеген мемлекеттің аумағындағы пунктте алынған жолаушылармен, мынадай шарт бойынша:

(1) топты мінгізетін және аумақтың шегінен тысқары алып кететін екінші Тарап мемлекетінің аумағына келгенге дейін қол қойылған тасымалдау шартына сәйкес, жолаушылар бір топты құрайды, немесе

(2) осы Баптың 2-тармағының (б) тармақшасына сәйкес белгілі бір тасымалдаушы екінші Тарап мемлекетінің аумағына алдын ала әкелетін жолаушылар, ол жерден олар соңында алынады да, тіркелген мемлекеттің аумағына әкетіледі;

(3) екінші Тарап мемлекетінің аумағына саяхат жасауға шақырылған жолаушылар, бұл орайда тасымалдау шығынын шақырушы тұлғаның өзі көтереді.

9. "Рұқсат" термині Тараптардың бірінің құзыретті органы берген және екінші Тарап мемлекетінің аумағынан/аумағына немесе арқылы жол жүруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құжатты білдіреді.

10. "Арнайы рұқсат" термині бір Тарап мемлекетінің құзыретті органы берген және мыналарды:

а) үшінші елден/елге тасымалды;

б) ең жоғарғы рұқсат етілген салмақтық және көлемдік параметрлерден асатын

автокөлік құралымен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құжатты білдіреді.

3-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында Тараптардың құзыретті органдары:

- Қазақстан Республикасы үшін - Көлік және коммуникациялар министрлігі,
- Грек Республикасы үшін - Көлік және коммуникациялар министрлігі.

I. ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

4-бап

Жолаушы тасымалын жүзеге асыру мақсатында осы Келісім Тарап мемлекеттерінің аумақтары арасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен ақы және сыйақы үшін немесе өз есебінен, жолаушы автокөлік құралдары жүзеге асыратын жолаушы тасымалдарына қолданылады. Бұл ереже осы тасымалдар үшін пайдаланылатын жолаушы автокөлік құралдарының бос күйде жол жүруіне қолданылады.

5-бап

Рынокқа ену

1. Тұрақты және маятниктік тасымалдар рұқсат алуды талап етеді.

2. Рұқсаттар тасымалдарды жүзеге асыратын кәсіпорынға берілуі тиіс. Олар үшінші тұлғаға берілмейді. Алайда, рұқсат алған тасымалдаушы тасымалдарды қосалқы мердігер арқылы орындай алады.

3. Тұрақты тасымалдарды жүзеге асыруға арналған рұқсаттардың қолданылу мерзімі үш жылдан аспауы тиіс және бір жылдан кем болмауы тиіс, ал маятниктік тасымалдарды орындау үшін бір жылдан аспауы тиіс.

4. Рұқсаттарда мынадай ақпарат:

а) тасымал түрі,

б) жөнелту, жеткізу және шекаралардан өту пункттері көрсетілген тасымал бағыты,

в) рұқсаттың қолданылу мерзімі,

г) ішінде:

қозғалыс кестесі,

бағыттың сызбасы (бағыт картасы),

тарифтер бар ілеспе рұқсат құжаттары,

д) тұрақты тасымалдарды жүзеге асыру үшін - аялдамалар және тиісті қозғалыс кестесі болуы тиіс.

Аталып өткен құжаттарды Тараптардың құзыретті органдары бекітуі және ресімдеуі

т и і с .

5. Рұқсаттар алуға өтінім мемлекетінің аумағында автокөлік құралы тіркелген Тараптардың құзыретті органдарына беріледі. Ешқандай қарсылық тумаған жағдайда, аталған орган екінші Тараптың құзыретті органымен байланысады. Соңғысы келіскен жағдайда Тараптардың әрбір құзыретті органы, өз мемлекетінің аумағына келетін бағыт бөлігіне рұқсат беруі тиіс.

6. Екі данадағы өтінімдерде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының талаптарына сәйкес келетін мәліметтер, сондай-ақ аялдамалар және бағыттың ұзақтығы километрмен көрсетілген бағыттың сызбасы (бағыт картасы) болуы тиіс. Тараптардың құзыретті органдары тасымалдаушылардан, өздері беруге болады деп санайтын кез келген тиісті мәліметті сұрауға құқылы.

7. Бір Тарап мемлекетінің құзыретті органы бекіткен және ресімдеген рұқсаттың көшірмесі немесе оның түпнұсқасы сапардың бүкіл уақыты бойы, екінші Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген автокөлік құралының бортында болуы тиіс.

8. Рұқсаттар осы Келісімге қоса берілген белгіленген нысанға сәйкес болуы тиіс.

Осы Келісімнің 14-бабында аталып өткен Бірлескен Комиссияның бұл нысанға түзетулер енгізуге құқығы бар.

9. Тұрақты тасымалдарды орындау мақұлданады және екі Тараптың құзыретті органдары барлық қажетті қосымшалары бар тиісті рұқсаттармен алмасқан сәттен бастап жүзеге асырылуы мүмкін.

10. Ақаулы автобусты ауыстыру үшін осы Келісімнің 4-бабына сәйкес тасымалды жолаушыларсыз жүзеге асыратын автокөлік құралының жол жүруі үшін де ешқандай рұқсат талап етілмейді.

6-бап

1. Тұрақты емес тасымал осы Келісімнің 2-бабының 8-тармағына сәйкес, осы автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің аумағында рұқсаттар алу қажеттілігінен босатылуы тиіс.

2. Тұрақты емес тасымалдар куәландырушы құжат болған кезде жүзеге асырылуы тиіс.

3. Куәландырушы құжат тасымал құжаттарынан тұруы тиіс.

4. Тасымал құжатында мынадай ақпарат:

а) тасымал түрі,

б) (негізгі) бағыт,

в) тағайындалған тасымалдаушы (лар),

г) жолаушылардың толық тізімі болуы тиіс.

5. Тасымал құжаттарының жиынтығын мемлекетінің аумағында автокөлік құралы тіркелген Тараптың құзыретті органдары немесе осы құзыретті органдар тағайындаған

1. Бір Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген тасымалдаушылардың Тараптардың мемлекеттері аумақтарының арасында, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы екінші Тараптың құзыретті органдары берген рұқсаттардың негізінде басқа мемлекеттерге (транзиттік тасымалдар) жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жалға және сыйақы үшін (екіжақты тасымалдар) жүзеге асыруға құқығы бар.

2. Осы Келісімнің 10-бабының 1-тармағына сәйкес берілетін рұқсаттардың санына қатысты ешқандай шектеулер болмауы тиіс.

3. Екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекетке және кері қарай сапар шегетін бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары жүзеге асыратын халықаралық автомобиль тасымалдарына қатысты, оған немесе одан тасымалдау жүзеге асырылатын Тараптың құзыретті органдары арнайы рұқсат беруі тиіс. Бұл арнайы рұқсаттарды, кімнің атына берілсе, солар ғана пайдалана алады және үшінші тұлғаға беруге болмайды. Рұқсаттардың осындай түрлерін берудің құқылылығын, сондай-ақ олардың санын осы Келісімнің 14-бабында атап өтілген Бірлескен Комиссия анықтайды.

11-бап

Осы Келісімнің 10-бабында атап өтілген рұқсаттардың түрін Тараптардың құзыретті органдары тікелей немесе осы Келісімнің 14-бабына сәйкес Бірлескен Комиссия мақұлдаған қорытындылардың негізінде анықтауы тиіс.

12-бап

Осы Келісімнің 10-бабындағы 1-тармаққа сәйкес Тараптардың құзыретті органдары жыл сайын дипломатиялық арналар бойынша немесе Бірлескен Комиссия 14-бапқа сәйкес анықтаған рәсімге сәйкес рұқсаттардың қажетті санымен алмасады.

Осы Келісімнің 14-бабына сәйкес Бірлескен Комиссияның бірінші мәжілісіне дейін осы Келісім ережелерінің алғашқы орындалу кезеңі ішінде екі Тарап жүктердің екіжақты және транзиттік тасымалдарының қажеттілігін қанағаттандыруды келіседі, ол туралы өздерінің тиісті құзыретті органдарына дипломатиялық арналар арқылы ақпарат береді.

13-бап

Осы Келісімнің 10-бабының ережелеріне қарамастан, рұқсаттар алу мынадай жағдайларда :

1) Шұғыл жағдайларда жүктерді әуежайдан не болмаса әуежайға тасымалдау кезінде, немесе ұшақтың кез келген авариясы кезінде, не болмаса ұшу бағытының өзгеруіне бола немесе шұғыл жағдайларда ұшақтың амалсыз қону жағдайында, сондай-ақ әуе сапарының тоқтатылуы жағдайында;

- 2) Сынған автокөлік құралын немесе оның тіркемелерін;
- 3) Мәйіттерді немесе қайтыс болғандардың күлі салынған сауыттарды;
- 4) Жеке мүлікті арнайы автокөлік құралдарымен бір орыннан басқа орынға көшіру к е з і н д е ;
- 5) Почта жөнелтілімдерін;
- 6) Жәрмеңкелер мен көрмелерге арналған экспонаттарды;
- 7) Театр, музыка және басқа мәдени іс-шараларға, цирк пен кинематографиялық көрсетулерге, сондай-ақ радиохабарларды жазу, кино және телевизиялық түсірулерге арналған жабдықтар мен басқа керек-жарақтарды;
- 8) Өлген жануарлардың денелерін, егер олар өнеркәсіп қалдықтарын тұтыну с а л д а р ы н а н ө л м е с е ;
- 9) Аралар мен балық шабақтарын;
- 10) Гүлдер мен басқа сәндік өсімдіктерді;
- 11) Дәрі-дәрмектерді, немесе табиғи құбылыстардан болған апаттар кезінде көмек көрсетуге арналған кез келген басқа материалдарды;
- 12) Техникалық көмек көрсететін немесе сынған автокөлік құралын жөндейтін автокөлік құралдарын (техникалық жөндеу машиналары);
- 13) Екінші Тараптың аумағында тұрған жарамды басқа автокөлік құралын көшіруге арналған автокөлік құралдарын;
- 14) Жарнама және оқып үйрену үшін пайдаланылатын заттар мен материалдарды тасымалдауды жүзеге асыру үшін талап етілмейді.

Осы бапта көзделген автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін жүргізушіде, тасымалдарды жоғарыда тізілген жағдайларға сәйкес орындайтынын растайтын барлық қажетті құжаттар болуы тиіс.

III. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14-бап

Осы Келісімнің орындалуына және қолданылуына қатысты барлық мәселелерді шешу үшін Бірлескен Комиссия құрылады.

Осы Комиссия мәжіліске автокөлік саласының өкілдерін шақыра алатын Тараптардың мемлекеттік органдарының өкілдерінен тұруы тиіс.

Бірлескен Комиссия жылына бір рет немесе Тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша Тараптардың әрқайсының мемлекеті аумағында кезекпен жиналады. Мәжілістің күн тәртібін қабылдаушы жақ ұсынады немесе мәжілістің басталуынан, тіпті болмағанда, екі апта бұрын сұрау салынады. Әрбір мәжіліс Бірлескен

Комиссияның тең төрағалары қол қоятын Хаттаманы қабылдаумен аяқталады.

Бірлескен Комиссия мерзімдерді, мәліметтермен және барлық басқа тиісті ақпаратпен алмасу тәсілін анықтайды.

15-бап

1. Осы Келісім бойынша талап етілетін рұқсаттар, сондай-ақ басқа тасымал құжаттары осы Келісімде көзделген барлық сапарлар кезінде автокөлік құралында болуы және Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдарының талаптары бойынша тексеру үшін көрсетілуі тиіс.

2. Осы Келісім шеңберінде халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға, көлемдері мен салмағы Тараптардың аумақтарында қолданылып жүрген рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерден аспайтын автокөлік құралдары жіберіледі. Салмағы мен көлемдері екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормалардан артық жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдау кезінде тасымалдаушы, осы Тарап мемлекетінің құзыретті органдарының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

16-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болғанда, Тарап мемлекеттері қатысушылары болып табылатын көпжақты келісімдерден, осы Келісімнің ережелерінен, сондай-ақ ұлттық заңнамадан туындайтын міндеттемелерді орындауға міндетті.

2. Жүрген елдің аумағында жасалған маңызды немесе бірнеше рет бұзушылықтар жағдайында, тіркелген елдің құзыретті органдары өздерінің қылмыстық қудалау құқығын сақтай отырып және соңғысының талабы бойынша мынадай шаралар қ а б ы л д а у ы м ү м к і н :

- е с к е р т у ж а с а у ;

- бұзушылық (тар) жасалған тарап мемлекетінің аумағына енуге тыйым салу.

Аса маңызды жағдайларда, жүрген елдің құзыретті органдары тіркелген елдегі органдардың шешімін күте тұрып, енуге уақытша тыйым салуы мүмкін.

Екі Тарап мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-бірін қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

17-бап

Осы Келісімнің негізінде тасымалдауды орындау кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкелуге байланысты алынатын кедендік алымдар мен баждарды салудан м ы н а л а р ө з а р а б о с а т ы л а д ы :

1) автокөлік құралының тиісті үлгісі үшін көзделген, техникалық және конструкциялық жағынан қозғалтқыштардың қоректену жүйесімен байланыстырылған негізгі сыйымдылықтардағы жанармай;

2) тасымалдау кезінде қалыпты тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

3) халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер мен құралдар; пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер, сондай-ақ ауыстырылған қосалқы бөлшектер елден шығарылуы немесе жойылуы тиіс немесе тиісті Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен айналымға түсуі тиіс.

18-бап

Осы Келісімнің шарттарына бағынатын тасымалдар кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағында жол желісін немесе көпірлерді пайдаланған үшін өндіріп алынатын алымдар мен салықтар төленуі тиіс. Алымдар мен салықтардың мөлшері тасымалдаушы-резиденттер үшін де, бейрезиденттер үшін де бірдей болып табылады.

19-бап

1. Бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары мен олардың автокөлік құралдарының экипаждары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болған кезінде осы мемлекеттің аумағында қолданылатын заңнаманы сақтауы тиіс.

2. Тараптар мемлекеттерінің автокөлік құралдарының жүргізушілерінде олар басқаратын автокөлік құралының санатына сәйкес және 1968 жылғы 8 қарашада Венада жасалған Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына сай келетін жүргізуші куәлігі, сондай-ақ автокөлік құралына арналған тіркеу куәлігі болуы тиіс.

20-бап

Сақтандыру

Тараптар мемлекеттерінің халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарында транзиттік мемлекеттердің аумақтарында қандай болса, жеткізу мемлекетінің аумағында сондай күші бар сақтандыру полисі болуы тиіс.

21-бап

Каботаж

Автокөлік құралымен жолаушылар мен жүктерді каботаждық тасымалдауға тыйым салынады.

22-бап

Кедендік және санитарлық бақылау

Кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларының ережелері, сондай-ақ екі Тарап қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

Жоғарыда аталған бақылау, егер мүмкін болса, науқастарды, жануарларды, тез бүлінетін және қауіпті жүкті тасымалдау жағдайында артықшылық тәртіпте орындалады.

23-бап

Автокөлік құралдарын техникалық бақылау

Тарап мемлекетінің екіжақты немесе транзиттік тасымалдарды, немесе үшінші мемлекеттен/мемлекетке тасымалдауды орындайтын кез келген автокөлік құралының екінші Тарап мемлекетінің аумағында, оның техникалық жай-күйінің жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қолданылып жүрген нормалардың талаптарына сәйкес екендігін растайтын жарамды құжаты болуы тиіс.

Тарап мемлекетінің екіжақты немесе транзиттік тасымалдарды, немесе үшінші мемлекеттен/мемлекетке тасымалдарды орындайтын, қауіпті жүктерді тасымалдайтын кез келген автокөлік құралының екінші Тарап мемлекетінің аумағында, Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімде (ҚЖХЖТ) көзделген барлық құжаттары болуы тиіс.

24-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасы келген күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім қолданылу мерзімін келесі жылдық кезеңдерге ұзартумен бір жыл мерзімге жасалады, Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кемінде 6 ай бұрын екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарландыру жібергенше, күшінде қала береді.

25-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде Тараптар осы Келісімнің орнына жаңасын жасасады.

Алматы қаласында 2002 жылғы 26 маусымда екі данада қазақ, грек, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар, осы Келісімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының *Грек Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*
Көлік және коммуникациялар
Министрлігі

Тұрақты тасымалдарды жүзеге асыруға арналған

N ____ рұқсат бланкісі

Еуропалық Қоғамдастықтың мүшелері болып табылмайтын елдер арасында көлік құралдарымен орындалатын тасымалдарға, Еуропалық Қоғамдастыққа кірмейтін елдер арасында Министрліктің N ____ бұйрығына сәйкес тұрақты автобус тасымалдарын жүзеге асыру кезінде берілетін рұқсаттарды алу үшін қажетті шарттар мен рәсімдерді орындау үшін берілді.

Кімге (тегі мен аты-жөні немесе компания не кәсіпорынның атауы)

Мекен-жайы: _____ тел.: _____ факс: _____

әріптестерінің немесе кәсіпорын және қосалқы мердігерлер қызметкерлерінің тегі, аты-жөні, мекен-жайы, телефоны мен факс нөмірі

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

Тізім толықтырылуы мүмкін.

Қолданылу мерзімі
(берілген орны мен күні)

қолы мен мөрі

Рұқсат беретін уәкілетті
органның (немесе мекеменің)

(N ____ рұқсат бланкісінің екінші беті)

1. Бағыттың атауы:

а) шығу пункті: _____

б) бару пункті: _____

в) жолаушыларды отырғызу және түсіруге арналған аялдамалар көрсетілген негізгі бағыт (асты сызылады):

2. Кестенің қолданылу мерзімі: _____

3. Жиілігі _____

4. Кестесі (қоса берілген кесте түрінде)

5. Көрсетілетін қызметтердің негізгі түрі:

- жолаушы тасымалы:

6. Айрықша шарттар мен толықтырулар:

Төмендегі тасымалдар үшін пайдаланылатын көлік құралының нөмір белгісі: _____

(рұқсат беретін органның мөрі)

Ескертулер:

1. Осы рұқсат сапар бойы қолданылады. Оны атауы рұқсатта көрсетілмеген тасымалдаушы пайдалануы мүмкін.

2. Құзыретті органдар берген рұқсат бланкісінің түпнұсқасы немесе оның куәландырылған көшірмесі бүкіл сапар бойы көлік құралының жүргізушісінде болуы және ол көліктік бақылау органы қызметкерлерінің бірінші талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

3. Рұқсат беруші орган, бағытты бірлесіп пайдалану үшін, оның тұрақты жұмыс істеуі кезінде көлік компанияларының санын ұлғайтуға құқығы бар.